

Хаттама № 2

01.12.2021 жыл

Қатысқандар: «Қамқоршылық кеңес»кұрамы, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде :

1. Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік-психологиялық, диагностикалық жұмыстары *(Хабарламашы: Мектеп әлеуметтік педагог- С.Салимбаев)*
2. Мектеп ғимаратындағы санитарлық талаптардың сақталуы және бала еңбегін қанаудың,оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу туралы. *(Хабарламашы: Б.Тұрлыбеков мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)*
3. «Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылардың ата-аналарын психологиялық қолдау» туралы. *(Хабарламашы: Ф.Еспулганова мектеп педагог-психологы)*
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Мектеп әлеуметтік педагог- С.Салимбаев жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға бақылау жасап, әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізді. Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік-психологиялық, диагностикалық жұмыстарын атқарғаны жөнінде есебін беріп айтып өтті.Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен отбасынан шыққан 10 сынып оқушысы Байбаков Даулетке жаңа жылдық шыршаға алып барып және демеуші тарапынан мерекелік сыйлықтар ұйымдастырғанын айтты.
2. Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Тұрлыбеков сөзге шығып,жана оқу жылында, жалпы күнделікті оқу барысында мектепте, сыныптарда санитарлық талаптарды сақтауға қажетті заттармен демеушілер есебінен толықтырылғандығын, ата-аналар тарапынан ешқандай ақша жиналмағандығын және жинауға болмайтындығын айта келе қамқоршылық кеңесі мүшелеріне оқу бөлмелеріндегі кейбір кабинеттерге киім ілгіш алу үшін демеуші болатын азаматтар болса хабар берсеңіздер деген ұсыныс айтып өтті.2021-2022 оқу жылындағы ҚР Білім және ғылым министірлігі тарапынан әзірленген нұсқаулықтармен таныстырып, жана оқу жылындағы өзгерістерге тоқталды.Мектеп педагог-психологы Ф.Еспулгановалар мектебімізде үйде оқытылатын үш оқушыға да пән мұғалімдер тарапынан жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырып, үйлерін аралап мерекелік көңіл күй сыйлады.


Бала еңбегін қанаудың негізгі түрі оқушыларды сабақтан алып қалып жалдамалы жұмысқа жіберетін ата-аналардың көп екендігін, жалдамалы жұмысқа егіс алқаптарына, елді мекеннен тыс ауылдарға барып жұмыс жасауы оқушы өміріне, тәрбиесіне кері әсерін тигізетіндіген ескерте келе, мектепте құрылған мобильдік топ мүшелері егіс алқаптарын, автокөлік жуу бекеттерін, базарлар мен дүкендерді күндізгі, түнгі уақыттарда рейд жасайтындығын және рейд барысында көптеген оқушылардың кездесетіндігін айтып өтті.

Шешім: Қаралған мәселелер бойынша жұмысты жандандыру.

Кеңес төрайымы:

 Ұ.Рүстемова

Хатшы:

 А.Тоғысбай